



«Келісемін»
Аудандық білім беру
бөлімінің басшысы
А.Тржанова



«Келісемін»
ДПС директорының м.а.
М.Хасанов
25 желтоқсан 2020 жылғы
Мәтін педагогикалық
көрсеткісінде талқыланды

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының
Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің
«Жас туристер станциясы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
2021 жылға арналған жұмыс жоспары**

Мазмұны:

1	I-тарау «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылға талдауы және 2021 жылға міндеттері	3-9 б.
2	II- тарау «Жас туристер станциясы» КММ 2021 жылға жұмыс жоспары - Туризм бөлімінің - Спорттық бағдарлау бөлімінің - Өлкетану бөлімінің - Мұражайтану бөлімінің Демалыс лагерін ұйымдастыру	9-13 б.
3	III- тарау Педагогтардың біліктілігін арттыру жұмысы -Аудандық семинарларды өткізу жоспары; -Облыстық семинарларға қатысу жоспары. -Курстарға қатысу жоспары;	13-15 б.
4	IV-тарау Тәрбие ісінің жұмысы	15-16 б.
5	V-тарау Жас мамандармен атқарылатын жұмыс	17 б.
6	VI-тарау Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	17-18 б.
7	VII-тарау Туристік-өлкетану қызметін ақпараттық қамтамасыз ету	18 б.
8	VIII-тарау Мекеменің жалпы материалдық-техникалық базасын дамыту. Санитарлық-шаруашылық жұмыс	19-20 б.
9	IX- тарау Аттестация бойынша жұмыстар	20 б.
10	X- тарау Педагогикалық кеңестің жұмысы	21 б.
11	XI- тарау Директор жанындағы кеңестің жұмысы	22-24 б.
12	XII- тарау ЖТС қызметін қаржылық қамтамасыз ету	24-25 б.

I тарау
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының

**Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы жұмысына талдау
және 2021 жылға міндеттері**

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» КММ өз қызметінде "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайтын білім беру саласындағы заңнаманы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының (9-шы қосымшасы) Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысын, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Жас туристер станциясының қызметі:

- үйірмедегі оқушылардың туристік-өлкетану, геологиялық, экологиялық, спорттық бағдарлаудағы білімін жетілдіруге;
- мектеп мұражайларының жұмысын дамытуға;
- қосымша білім беретін педагогтардың біліктілігін көтеруге;
- аудандық шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына;
- облыстық жарыстарда жетістіктерге қол жеткізуге;
- үйірме сабақтарының сапалы өтуін арттыруға;
- жазғы және каникул кезеңіндегі балалардың белсенді демалысын өткізуге;
- дәрежесіне сай жорықтар, экскурсиялар мен экспедицияларды ұйымдастыруға бағытталған.

2020 жылы Жас туристер станциясында штаттық кестеге сай төмендегі педагогтар қызмет етті:

1. Жас туристер станциясының директорының м.а. –Хасанов М.Ж.
2. Директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары-Имангазиева А.Т.
3. Туризм бөлімінің меңгерушісі-Сабитов А.Т.
4. Туризм бөлімінің әдіскері-Сарсенғалиев Е.Б.
5. Өлкетану бөлімінің меңгерушісі-Қабиев Қ.Е
6. Спорттық бағдарлау бөлімінің меңгерушісі-Изимғалий А.С.
7. Мұражайтану бөлімінің меңгерушісі-Сексенбаева А.С.
8. Педагог-ұйымдастырушы- Қанатова А.Ж

2020 жылғы оқу-әдістемелік жұмысына талдау.

2020 жылы 111 үйірме жұмыс жасады үйірмелерге қатысатын оқушылардың саны 1665 баланы құрады. 2021 жылыда үйірме саны мен тәрбиеленушілер саны осы тұрақты көрсеткіште. Жас туристер станциясында 4 бөлім жұмыстануда. Спорттық бағдарлау бөлімі, туризм бөлімі, өлкетану бөлімі, мұражайтану бөлімі. Үйірме жұмыстарының сапасын көтеруде қосымша білім беру педагогтары арасында семинарлар, жорықтар, экспедициялар, шеберлік сыныптарын өткізудің маңызы зор. 2020 жылы әдістемелік жұмыс жоспарына сай жоспарланған аудандық 8 семинар кеңес өтті. Биылғы семинар-кеңестер онлайн түрінде өткізілді.

6 педагог облыстық, 2 педагог республикалық семинар-кеңеске, 1 педагог халықаралық форумға қатысты.

4 қосымша білім беру педагогы қашықтықтан республикалық біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

2020 жылы «Соқпақ-Тропинка» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына туристік-өлкетану қызметін насихаттау барысында 2 басылым және «Қазақ білімі» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналына (№5(32) 2020 жылғы) 4 басылым қосымша білім беру педагогтары Г.Сакимова, Н.Полякова, А.Имангазиева, А.Туысованың басылымдары шықты. «Сындарлы білім беру диалогы-сапалы білім парадигмасының негізі» І-ші халықаралық әдістемелік конференциясының жинақ материалдарына Н.Каймулдиновтың «Туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру-оқушыларға тәрбие берудің басты бағыттарының бірі» тақырыбында баяндамасы енгізілді. Республикалық «Келешекке кемел біліммен» педагогикалық идеялар фестивалінің жинақ материалдарына туризм бөлімінің әдіскері Е.Сарсенғалиевтің «Жас ұрпақты қалыптастырудағы туристік жорықтардың ролі» тақырыбында тәжірибесі енгізілді.

Облыс көлемінде туризм бөлімінің меңгерушісі А.Сабитов пен әдіскері Е.Сарсенғалиевтің «Туризм үйірмелеріне арналған оқу-бағдарламасы» таратылды. 2019 жылға қарағанда іс-тәжірибе бөлісу, тарату саны артып отыр.

Демалыс лагері.

2020 жылы короновирустық пандемияға байланысты жазғы демалыс лагерін ұйымдастыруға рұқсат берілмеді. 2019 жылы «Жас турист» жазғы демалыс лагері және «Қарашығанақ» шатырлы лагері қызмет жасады.

Туризм бөлімі.

Туризм бөлімінде 50 үйірмеде 750 оқушы су туризмі, шаңғы туризмі, жаяу туризм, вело туризм және тау туризмі бағыттары бойынша жұмыстанды. Жыл бойы мектептердегі қосымша білім беру педагогтарына әдістемелік көмек көрсетіліп, үйірме жұмысының құжаттарын тексеру жұмыстары жүргізілді. Былтырғы көрсеткіштермен салыстырғанда туризм бағытындағы ұйымдастырылған іс-шаралардан жақсы нәтижелерге қол жеткіздік.

Атап айтқанда:

1. «Ақшақар 2020» шаңғы туризмі техникасы облыстық жарысында «Экспресс парақшалар» бағытынан ІІІ орын, «Жеке» қашықтығы бойынша жалпы топтық ІV орын иелендік.

2. «Менің әкем - Турист» ашық онлайн жарысына Бөрлі ауданынан 3 әке баласымен қатысты. Қорытындысы бойынша «Туристік кедергілер жолағы» қашықтығынан III орын иеленді. Жалпы топтық V орын иелендік.

3.«Күміс шабақ-2020» ашық онлайн жарысына Бөрлі ауданынан 3 қатысушы қатысты. Қорытындысы бойынша жалпы топтық IV орын иелендік.

4.«Әкем, анам, және мен – туристік отбасы» ашық онлайн жарысында жалпы топтық есепте III орын иеленді.

5.Халықаралық туризм күніне арналған «Еуропа-Азия» қашықтықтан туристік фестивалі өтіп, облыстық жарыста Бөрлі ауданы жалпы топтық есепте I орынды иеленді. Жекелей кезеңдер бойынша да бірнеше жетістіктерге қол жеткіздік. Атап айтсақ: «Табиғат аясына бір күндік отбасылық демалыс» бейнеролик номинациясы бойынша I орын, «Туристік тұрмыс және дағды» номинациясы бойынша I орын, «Бард әні» II орын, «Туристік фотосуреттер» байқауы III орын, «Туристік оффлайн сабағы» II орын, «Бұқаралық ақпарат құралдарында туристік мақалалар» бағыты бойынша I орынды иеленді.

6.Батыс Қазақстан облысында балалар туризмінің дамуына үлес қосқан педагог В.Фоминді еске алуға арналған «Алтын дала» күзгі туриадасында Бөрлі ауданының командасы жалпы топтық есепте III орын иеленді.

6.Академик Т.Қ Жездыбаевты еске алуға арналған тау туризмі техникасының жарысында Бөрлі ауданының командасы жалпы топтық есепте III орынды иеленді.

2019 жылы 1-ші қиындық дәрежесіне сай 5 жорық ұйымдастырылса, 2020 жылы пандемия жағдайына орай 3 жорық өткізілді. Олар:

Жұмыс жоспарына сәйкес, Бөрлі аудандық білім беру бөлімінің №311 16.10.2020 бұйрығымен, 2020 жылдың 20 - 26 қазан күндері арасында «Шыңғырлау – «Манас» ш/қ – Шыңғырлау өзені – Құрманбай көлі – Кеңтүбек ауылы» маршруты бойынша I қиындықты дәрежелі, 137 шақырымдық жаяу жорығы ұйымдастырылды. Жорыққа ауданымыздың педагогтарынан құралған топ қатысып шықты. Сарсенғалиев Е.Б жетекшілік жасады. Жаяу жорықта 7 күн шінде 8 елдімекен қамтылды.

Жұмыс жоспарына сәйкес, Бөрлі аудандық білім беру бөлімінің №311 16.10.2020 бұйрығымен, 2020 жылдың 20 - 26 қазан күндері арасында «Шыңғырлау – «Манас» ш/қ – Шыңғырлау өзені – Құрманбай көлі – Кеңтүбек ауылы» маршруты бойынша I қиындықты дәрежелі, 137 шақырымдық жаяу жорығы ұйымдастырылды. Жорыққа ауданымыздың педагогтарынан құралған топ қатысып шықты. Насыров Б.А жетекшілік жасады. Жаяу жорықта 7 күн шінде 8 елдімекен қамтылды.

Жұмыс жоспарына сәйкес, Бөрлі аудандық білім беру бөлімінің №372 27.11.2020 бұйрығымен, 2020 жылдың 30 қараша - 6 желтоқсан күндері арасында «Шыңғырлау – Жанакүш – Шыбынды – Родник – Ақбұлақ» маршруты бойынша I қиындықты дәрежелі, 131 шақырымдық жаяу жорығы ұйымдастырылды. Жорыққа ауданымыздың педагогтарынан құралған топ қатысып шықты. Сарсенғалиев Е.Б жетекшілік жасады. Жаяу жорықта 7 күн шінде 8 елдімекен қамтылды.

Өлкетану бөлімі.

Өлкетану бөлімінде 2020 жылы 26 үйірмеде 390 оқушы тәрбиеленді. Өлкетану үйірмесінің негізгі мақсаты оқушыларға өңіріміздің тарихын терең зерттеуге, өшіп бара жатқан бабалар мұрасын жандандыруға, іздестіру-зерттеу жұмысына баулу, бойларына Отаншылдық патриоттық сезім қалыптастыруға, құнды тарихи мәліметтер жинақтау сияқты ізгі ниеттерді сіңіру болып табылады. 2020 жылы аудан, облыс көлемінде көптеген жарыстар оздырылып оқушылар көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

2020 жылы наурыз айының 4 күні Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім беретін мектеп базасында аудандық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция жасақтары слеті оздырылды.

Жарысқа ауданымыздың 16 мектебінен 76 оқушы қатысып бақтарын сынады. Жарыс 5 бағытта оздырылып үздік шыққан оқушылар облыстық жарысқа жолдама алды. Облыстық жарыста «Туған өлкенің тарихы» бағыты бойынша ІІІ орын және «Алғашқы медициналық көмек» бағыты бойынша Бөрлі ауданының құрамасы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Тамыз айында аудандық қашықтықтан «07 Аймақ» жарысы оздырылып, жарысқа аудан мектептерінен 15-ке жуық оқушы қатысып жүлделі 1-ші орын алған оқушы облыстық жарысқа жолдама алды.

Облыстық «Батыс-Бердинг» интернет байқауында Пугачев МБК «Бердинг» үйірмесінің оқушылары жұмысты қорғап жалпы командалық есепте жүлделі ІІ орынға ие болды.

Аудандық «Жайық алаңы» қашықтықтан зерттеу марафоны оздырылып, аудан мектептерінен 23 оқушы қатысып бақтарын сынады. Үздік шығып орын алған оқушылар аудандық білім беру бөлімінің дипломадары мен алғыс хаттарымен марапатталды. Әділ-қазылар шешімімен үздік жұмыстар тандап алынып облыстық байқауға жолданды. Облыстық байқауда оқушыларымыз 13-15 жас аралығында байқауда ІІ орынға, сонымен қатар 7-9 жас аралығы бойынша ІІ орынға ие болды.

Аудандық «Ашық аспан астындағы музей-қала» қашықтықтан байқауы өткізілді. Жарысқа аудан мектептерінен 72 оқушы қатысты. Үздік деп танылған жұмыстар облыстық жарысқа жолданды.

Мекемені абаттандыру бойынша облыстық бейнефильм байқауында «Жас туристер станциясы» КММ ІІ орынға ие болды.

Аудандық «Туған жер-Алтын бесік» өлкетану олимпиадасы оздырылып, олимпиадаға ауданымыздың 12 мектебінен 36 оқушы қатысты. Үздік жұмыстар әділ-қазылар алқасының шешімімен тандап алынып облыстық олимпиадаға жолданды.

2020 жылы экскурсиялар мен экспедицияларды ұйымдастыру жұмыстары елдегі карантиндік жағдайға байланысты төмен болды. Алыс саяхаттарды ұйымдастыра алмағандықтан қосымша білім беру педагогтары үйірме тәрбиеленушілерімен оқушыларды ауданымыздың бай тарихи өңірлерімен таныстыру, патриоттық сана сезімді ояту, іздестіру-зерттеу жұмыстармен

шұғалдануға үйрету мақсатында аудан көлемінде өлкетану экспедициялары мен экскурсияларын ұйымдастырды.

1. Жарсуат ЖОББМ ҚББП Фатима Аккалимовнаның жетекшілігімен Жарсуат-Ақсай өлкетану мұражайына экскурсия 15 оқушы.
2. Бөрлі №1 ЖОББМ ҚББП Асылбек Әділбекұлының жетекшілігімен Қырық оба-Ақтау шоқысы-Мүсіреп ата-Қарашығанақ маршруты 6 оқушы.
3. Ақсу МБК ҚББП Сағызбай Қыдыровичтың жетекшілігімен Ермекбай құлпытасы-Суықбұлақ құлпытасы-Қарамойынқұлпытасы-Сайтөбе құлпытасы маршруты 4 оқушы.
4. Ақбұлақ МБК ҚББП Ақтоты Серікқызының жетекшілігімен Ақтау тауы-Миргород қорықшасы-Мыңбай ата зираты маршруты 6 оқушы.
5. Ақбұлақ МБК ҚББП Айбек Темірханұлының жетекшілігімен Ақбұлақ саябағы-Үш сарбаз ескерткіші-Ақтау шыңы-Мыңбай ата-Ұзақ өмір бұлағы-Нартау-Шатырлы-Ақбұлақ маршруты 6 оқушы.
6. Кентүбек МБК ҚББП Амангелді Мендіғалиұлының жетекшілігімен Жолбарыс батыр-Ұлысай өзен-Саяси репрессия құрбандарына арналған ескерткіш маршруты 8 оқушы.
7. Жарсуат ЖОББМ ҚББП Айдана Жумагулқызының жетекшілігімен Жарсуат ауылы – Қарашығанақ – Братская могила маршруты 3 оқушы шықты.

Спорттық бағдарлау бөлімі.

2020 жылы Спорттық бағдарлау бөлімінде 20 үйірмеде 300 оқушы жұмыстануда. Оқушылар мен білім қызметкерлерінің спорттық және туристік біліктіліктерін арттыру мақсатында ауданда бірқатар спорттық бағдарлау бағытында шаралар ұйымдастырылды.

Қаңтар айында оқушылар арасында «Шаңғы бағдары-2020» спорттық бағдарлау жарысы өткізілді. Жарысқа ауданымыздың 13 мектебінен 105 оқушы қамтылып үздік нәтиже көрсеткен оқушылар облыстық жарысқа жолдама алды. Облыстық жарыста ІІ орын (1), ІІІ орын (1), жалпы командалық есепте ІІ-ші орынды иеленді

Тамыз айының 7 күні қашықтықтан аудандық «Спорт LIVE» жарысы ұйымдастырылды. Жарысқа аудан мектептерінен 70 оқушы қамтылды. Жүлделі орын алған оқушылар аудандық білім беру бөлімінің дипломдарымен марапатталып облыстық жарысқа жолдама алды. Облыстық жарыста жас ерекшеліктеріне сай оқушылар І орын (1), ІІ орын (2), ІІІ орын (2), жалпы командалық есепте жүлделі 1-ші орынға ие болды

2020 жылы 25 қыркүйек күні «Батыс-Азимут» онлайн байқауы оздырылып аудан мектептерінен 64 оқушы қатысты. Әділ-қазылар шешімімен үздік шыққан қатысушылар аудандық білім беру дипломдарымен марапатталды.

Сонымен қатар педагогтарымыз облыстық, республикалық семинарларға қатысып біліктіліктерін арттырды.

Музейтану бөлімі.

Музейтану бөлімі 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде музей жетекшілерінің кәсіби шеберлігін нығайту бағытында жұмыстанды. Білім беру мекемелерінде музейлер арқылы ұлттық құндылықтарымыз дәріптеледі, мақтаныш сезімі ұялайды, білім алушылардың өмір сүруге және қоғамдағы өз орнын табуға қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуын айқындайтын зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері, танымдық қызығушылықтары дамиды.

Бүгінгі күні ауданнымыздың 24 мектебі (100%) музеймен қамтылды және мектеп директорының бұйрығымен музей жетекшілері тағайындалып, барлық мектеп музейлері 2020-2021 жылдары құжаттандыру барысынан өтіп жоспарлы түрде жұмыс атқаруда. 2020 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында 14 желтоқсан күні Ақсай қ. №1 ЖББОМ мектебінде, 15 желтоқсан күні Ақсай қ. №6 ЖББОМ-лицейінде салтанатты түрде мектеп музейлері ашылды. Музейтану бөлімі мектеп музейлерінің жұмысын жетілдіру мақсатында негізгі келесі бағыттарда жұмыстанды: ғылыми-әдістемелік жұмыс; экскурсиялық, экспедициялық жұмыс ; музей қорын экспонаттармен толықтыру; музей құжаттарының дұрыс толтырылуы; баспа беттеріне жариялануы.

2020-2021 оқу жылында музейтану бөлімі бойынша 15 үйірме, 14 қосымша беру педагог жұмыстанып 7-16 жас ерекшелігі арасында 225 оқушы осы бағыттағы үйірмелерге қамтылуда. Ұйірме сабақтары онлайн түрінде өткізіліп отыр, қазіргі таңда 5 баладан үйірме сабақтары және экскурсия, экспедициялар ұйымдастырылып тұрады. 24 қыркүйек күні қосымша беру педагогтарына «Қазіргі таңда мектеп музейінің ұйымдастырылуы» атты онлайн-семинар өткізілді. Ғылыми-әдістемелік «Соқпақ-Тропинка» журналына «Ценный экспонат» рубрикасына мақалалар берілді, олар Л.И.Немировскаяның «История русского самовара», О.Н.Полещуктың «Бebut» т.б.мақалалары. 7-9 қараша аралығында «Музей тарих-музей тағылым» атты челленджге ауданымыздың 4 мектебі қатысты. 20 қараша-10 желтоқсан аралығында аудандық «Туған өлке кереметі» онлайн челлендж ұйымдастырылып оған ауданымыздың 9 мектебі қатысып, облыстық челленджге Бөрлі №1 ЖОББМ қатысты.

Мекеменің жаңа оқу жылына қойылған мақсаттары мен басты бағыттары:

- Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту, ғылыми-әдістемелік, бағдарламалық-әдістемелік, нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбиелік, ұйымдастыру-мазмұндық, ақпараттық және эксперттік қолдау құралдары арқылы сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.
- Білім беру саласында туризм бойынша, туризм негіздерін игеру және өлкетану жұмысы бойынша туған өлкенің тарихын оқып танудағы оқушылардың шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту,

- спорттық бағдарлау бойынша жасөспірімдердің салауатты өмір салтын және дене күшінің дамуын қалыптастыру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны Қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу;
 - Ата-аналардың комитетінің қызметін жетілдіру;
 - Білім беру ұйымдарының жетекшілері ата-аналармен түсінік жұмыстарын күшейтіп, балалардың қауіпсіздігі шараларының сапасын бақылауға алу;
 - Қосымша білім беру педагогтарына, жас мамандарға әдістемелік көмектер көрсету бағытындағы жұмыстарды арттыру;
 - Туризм түрлері бойынша және спорттық бағдарлаудан мектептерде шебер-сыныптар өткізу;
 - Педагогикалық іс-тәжірибені қосымша білім беруде насихаттау және тарату;
 - Қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру жұмысын белсендіру;
 - Оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету сапасын арттыру;
 - Жазғы демалыс лагерлерін жоғары деңгейде ұйымдастыру;
 - Мекеменің материалдық-техникалық базасын дамыту жөніндегі жұмыстарын жетілдіру;
 - Мектеп мұражайларының қызметін арттыру, құжаттандыру жұмыстарын жүргізу.
 - Мұражай мамандарымен бірлесіп, жаңа экспозицияларды құруға көңіл бөліп, мектеп мұражайларының жетекшілеріне арналған оқу мен тағылымдаманы ұйымдастыру;

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының негізгі міндеттері:

- 1) жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;
- 3) адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- 4) азаматтылық пен отансүйгіштікке, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халықтың дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- 5) бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру

II тарау

2021 жылға оқу-әдістемелік жұмысының жоспары.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
Туризм бөлімі				
1	Білім беру саласының қызметкерлері арасындағы аудандық «Еуропа-Азия-2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс -аудандық кезең -облыстық кезең	Бумакөл ауылы Орал қ. «Евразия»ТСК	15.01.2021 20-23.01.2021	Туризм бөлімі
2	Оқушылар арасындағы «Ақшақар-2021» шаңғы туризмі техникасы бойынша жарыс -мектепшілік -аудандық кезең -облыстық кезең	Бумакөл а. Орал қаласы	29.01.2021 04-07.02.2021	Туризм бөлімі
3	М.Жумаев жүлдесі үшін шыңға өрмелеу және тау туризмі техникасының ашық біріншілігі -аудандық кезең -облыстық кезең	Ақсай қ.№3ЖОББМ ОБЖТЖЭО	02.04.2021 14-17.04.2021	Туризм бөлімі
	Білім қызметкерлері арасындағы жаяу туризмі техникасынан жарыс	Бумакөл ауылы	14.05.2021 27-31.05.2021	
4	«Менің Отаным-Қазақстан» туристік-өлкетанулық экспедиция жасақтары слетінің шеңберінде көктемгі «Қарлығаш» туриадасы -мектепшілік(көпшілік жорықтар) -аудандық(категориялық жорықтар) -облыстық -60-шы облыстық жарыс	Бумакөл ауылы Орал қаласы	21.05.2021 16-20.06.2021	Орал қаласы
5	Балық аулаудан облыстық ашық біріншілік	Орал қаласы	16-20.06.2021	Орал қаласы
6	«Күміс шабақ» велотуризм техникасынан жарыс -аудандық кезең -облыстық кезең	Ақсай қ.№8 ЖОББМ Бөрлі ауданы	04.06.2021 23-26.06.2021	Туризм бөлімі
7	1-ші категориялық қиындықтағы су жорығы	Алматы қаласы	шілде	Туризм бөлімі
8	2-ші категориялы қиындықтағы	Ақмола облысы	тамыз	Туризм

	веложорық			бөлімі
9	«Менің Отаным-Қазақстан» мектеп мұғалімдері арасында облыстық семинар-машық.Жорық есебі бойынша байқау	ОБЖТжЭО	02.09.2021	Туризм бөлімі
10	Білім қызметкерлері арасындағы «Европа-Азия-2021» туристік фестивалі -облыстық кезең	Орал қаласы «Евразия»ТСК	23-26.09.2021	Туризм бөлімі
11	Білім қызметкерлері арасындағы Е.Сексенбаевты еске алуға арналған ашық «Европа -Азия 2021» туристік фестивалі	Бумакөл ауылы	01.10.2021	Туризм бөлімі
	«Туризм.Спорт.Демалыс» плакаттар байқауынан облыстық шараға қатысу	Орал қаласы	Қазан	Туризм бөлімі
12	Академик Т.Жездібаевты еске алуға арналған тау туризмі техникасы бойынша жарыс -аудандық кезең -облыстық кезең	Ақсай қ.№3 ЖОББМ Бәйтерек ауданы	22.10.2021 01-04.11.2021	Туризм бөлімі
13	«Өлке KZ» туризм олимпиадасы	Орал қаласы	қараша	Туризм бөлімі
	Оқушылар мен жетекшілеріне арналған жаяу, су, велосипед, шаңғы туризмі техникасы бойынша I-II категориялық жорық ұйымдастыру, қатысу.	Маршрут бойынша	Жыл бойы	Туризм бөлімі
Спорттық бағдарлау бөлімі				
1	«Шаңғы бағдары 2021» спорттық бағдарлау жарысы -аудандық кезең	Бумакөл ауылы	12.01.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
2	«Көктемгі бағдар-2021» спорттық бағдарлау жарысы -аудандық кезең	Бумакөл ауылы	26.03.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
	Облыстық спорттық бағдарлаудан «WEST ORIENT» жарысына қатысу	«Евразия»ТСК	08-10.04.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
	Спорттық бағдарлаудан «Спорт Live» конкурсына қатысу	Орал қаласы	01-05.07.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
4	«Батыс Азимут 2021» спорттық бағдарлау жарысы -аудандық кезең -облыстық кезең	Бумакөл ауылы «Евразия»ТСК	08.10.2021 14-16.10.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
5	Спорттық бағдарлаудан	Берлі ауданы	жыл бойы	Спорттық

	мектепшілік жарыстар			бағдарлау бөлімі
Өлкетану бөлімі				
1	Облыстық «Туған жер кереметі» өлкетанулық олимпиадаға қатысу	Орал қаласы	Қаңтар	Өлкетану бөлімі
2	Аудандық туризм орталықтарын абаттандыру конкурсына жұмыстану, қатысу	ОБЖТжЭО	Қаңтар-қараша	Өлкетану бөлімі. Әкімшілік
3	«Жайық толқыны» өлкетану фестивалі -мектептік кезең -аудандық кезең -облыстық кезең	Ақсай қ №4 ЖОББМ ОБЖТжЭО	26.02.2021 17-19.03.2021	Өлкетану бөлімі
4	Облыстық «07 аймақ» туризм бағытындағы қашықтан квест-марафонына қатысу	Орал қаласы	Наурыз	Өлкетану бөлімі
5	Облыстық «Хрустальды шоқыр» байқауы	Орал қаласы	12.04.2021	Өлкетану бөлімі. Әкімшілік
6	Облыстық жас өлкетанушылар слетіне қатысу	ОБЖТжЭО	21-23.04.2021	Өлкетану бөлімі
7	«Шырқаған жастық шақ - 2021» бард әндерін орындаушылардың фестивалі -аудандық кезең -облыстық кезең	Аудандық саз мектебі «Евразия»ТСК	04.05.2021 18-20.05.2021	Өлкетану бөлімі
8	Облыстық «БҚО табиғат ескерткіштері» атты экологиялық экспедиция	Шыңғырлау ауданы	13-15.05.2021	Өлкетану бөлімі
9	«Ақжайықтану» облыстық туристік өлкетану экспедициясы -аудандық кезең -облыстық кезең	Облыс аудандары	Мамыр-маусым 05-07.06.2021	Өлкетану бөлімі
10	Эколого-геологиялық экспедиция	Маршрут бойынша	маусым-тамыз	Өлкетану бөлімі
11	Облыстық жас экологтардың «Жасыл олимпиадасы»	Теректі ауданы	14-16.06.2021	Өлкетану бөлімі
12	Облыстық жас геологтар слеті	Теректі ауданы	22-25.06.2021	Өлкетану бөлімі
13	Облыстық «Жайық алаңы» зерттеу марафоны	Орал қаласы	22-24.06.2021	Өлкетану бөлімі
14	Облыстық туристік және экологиялық экспедиция «Жайық – Орал -2021» 1 кезең мектепшілік «Орал			

	өңірінің жасыл желкені» акциясы 2 кезең аудандық «Орал өңірінің кіші өзендері» 3 кезең облыстық «Жайық – Орал» экспедициясы	Урал өзені	Маусым-шілде	Өлкетану бөлімі
15	«Қазақстанның жеті кереметі» аймақаралық өлкетанулық экспедициясына қатысу	Орал қ.- Шымкент қ- Орал қ.	20-29.08.2021	Өлкетану бөлімі
16	Оқушылар арасындағы «Балалар даму академиясы» конференциясы -аудандық кезең -облыстық кезең	Ақсай қ.№3 ЖОББМ ОБЖТжЭО	19.11.2021 08-10.12.2021	Өлкетану бөлімі
Музейтану бөлімі				
17	Облыстық «Мектеп музейі» сырттай марафонына қатысу	ОБЖТжЭО	Қаңтар-ақпан	Музейтану бөлімі
18	Облыстық «Музей тарих-музей тағылым» челленджі	ОБЖТжЭО	Қараша	Музейтану бөлімі
19	«Бір жәдігер ізімен» аудандық байқау	Ақсай қаласы №2 ЖОББМ	Ақпан	Музейтану бөлімі
20	«Музейге сый» акциясы		Наурыз	Музейтану бөлімі

III тарау
Педагогтардың біліктілігін арттыру жұмысы
Аудандық семинарларды өткізу жоспары

№	Шаралардың мазмұны	Түрі	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектеп музейі жұмысының ұйымдастырылуында шығармашылық тәсілі»	Семинар	Ақсай қ.№1 МБК	19.02.2021	Музейтану бөлімі
2	Жасанды жартаста жұмыстанудың жаңа тәсілдерін қосымша білім беру педагогтеріне үйрету	Семинар	Ақсай қ.№6 мектеп-лицейі	29.03.2021	Туризм бөлімі
3	«Туристік-экологиялық экспедициялар-жасұрпақты экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің негізгі құралы»	Семинар	Бөрлі №1 ЖОББМ	23.04.2021	Өлкетану бөлімі

4	Қосымша білім беру саласында спорттық бағдарлау жұмысын дамыту	Семинар - практикум	Ақбұлақ МБК	11.05.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
5	Туристік-өлкетану қызметінің жыл бойы атқарылған қорытынды жұмыстары мен мәселелері	Семинар	Жас туристер станциясы	04.06.2021	Әкімшілік
6	«Бағдар-2021» спорттық бағдарлау аудандық оқу-жаттығу жиыны	Семинар	Бумакөл ауылы	21-23.06.2021	Спорттық бағдарлау бөлімі
7	МКК отырысы	Отырыс	Бумакөл ауылы	Тоқсанына 1 рет	Туризм бөлімі
8	Балалар-жасөспірімдер туризмі қызметін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету.	Семинар	Жас туристер станциясы	13.08.2021	Әкімшілік
9	Тау туризмі техникасынан оқу-жаттығу жиыны	Оқу-жаттығу жиыны	Бумакөл ауылы	08-10.11.2021	Туризм бөлімі

Облыстық семинарларға қатысу жоспары

№	Шаралардың мазмұны	Түрі	Өтетін орны	Мерзімі	Жауапты
1	Аудандық туризм орталығы директорларына арналған онлайн-семинарға қатысу	Семинар	Орал қ	Қаңтар Мамыр Тамыз Қараша	Әкімшілік
2	«Жайық-Урал» экспедициясы шеңберінде өтетін су туризмі жорығының жетекшілерін дайындау семинарына қатысу (I-ші қиындық категориялық жорық)	Семинар-жорық	Жайық өзені бойымен	Сәуір-Мамыр	Туризм, өлкетану бөлімдері
3	Жетекшілер мен оқушылар үшін I-ші қиындық категориясындағы вело,су,жаяу жорығына қатысу	Семинар-жорық	Облыс аймағында	Мамыр-Маусым-Қыркүйек-Қазан	Туризм бөлімі
4	Аудандық туризм орталығының бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне арналған онлайн-семинарға қатысу	Семинар	ОБЖТЖЭ О	Қараша	Әкімшілік

5	Аудандық туризм орталығының бөлім меңгерушілері мен әдіскерлеріне, қосымша білім беру педагогтарына арналған онлайн-машықтану жұмысы	Машық	ОБЖТжЭ О	Өтініш бойынша	Әкімшілік
6	Туристік қоғамдық кадрларды даярлау бойынша семинарға қатысу -велосипед туризмі (2-ші қиындық категориясы) -су туризмі (1-ші қиындық категориясы) -ҚББП және туруйымдастырушылардың семинары	Семинар-жорық	Белгіленген маршрут бойынша	Маусым Шілде-Тамыз Қыркүйек	Туризм бөлімі

Курстарға қатысу жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы	Күтілетін нәтиже
1.	Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына қосымша білім беру педагогтарын жолдау жөнінде 2021 жылға жоспарын құру	қаңтар	А.Имангазиева	Болашақта курстан өту барысында білімдерін жетілдіру
2	Облыстық, аймақтық, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен курстарға қатысу	жыл бойы	Ақпараттық хаттар мен өтініштер бойынша	Біліктілікті арттыру орталықтары
3	Біліктілігін арттыру курстарына жолданатын педагогтар туралы АББ тапсырыс беру	Жыл бойы	А.Имангазиева	Курстардан өткізуді ұйымдастыру
4	Қосымша білім беру педагогтары арасында озық іс тәжірибелерді тарату, өзара іс-тәжірибелерімен алмасу	Жыл бойы	А.Имангазиева Бөлім меңгерушілері және ҚББП	Іс-тәжірибелерін жетілдіру, авторлық бағдарламаларын тарату
5	Туризм және өлкетану, спорттық бағдарлау, музейтану бөлімдерінің әдістемелік бірлестік отырыстарын өткізу	Жыл бойы жоспар бойынша	Бөлім меңгерушілері	Квалификациялық біліктіліктерін арттыру

IV тарау

Тәрбие ісінің жұмысы

1	«Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» -концерттік бағдарлама -көрме	ЖТС	наурыз	ЖТС әкімшілігі
---	---	-----	--------	----------------

2	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні -тәрбие сағаттары	ЖТС	мамыр	Бөлім меңгерушілері ҚББП
3	«Бұл күн ешқашан да ұмытылмайды!» Жеңіс күні -патриоттық акция -жорықтар ұйымдастыру	ЖТС	мамыр	Бөлім меңгерушілері ҚББП
4	1 маусым –Балаларды қорғау күніне -сурет байқаулары -демалыс күнгі жорықтар, туристік техника кедергілерінен өту жарысы	ЖТС	маусым	Бөлім меңгерушілері
5	6 шілде- Астана күні Лагерьде өтетін шаралар	ЖТС	шілде	Лагерь қызметкерлері Әдіскерлер
6	22-қыркүйек ҚР халықтарының тілдері күні -тәрбие сағаттары -дөңгелек үстел -дебаттар	ЖТС	қыркүйек	Бөлім меңгерушілері ҚББП
7	27 қыркүйек-Бүкіл әлемдік туристер күніне арналған «Менің Отаным – Қазақстан» барлық сыныптар арасында демалыс күнгі жорық ұйымдастыру	ЖТС	қыркүйек	Туризм бөлімі ҚББП
8	ҚР алғашқы президенті күні -тәрбие сағаттары -дөңгелек үстел	ЖТС	1-ші желтоқсан	Бөлім меңгерушілері ҚББП
9	16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі күні -конференция -тәрбие сағаттары -дөңгелек үстел	ЖТС	желтоқсан	Бөлім меңгерушілері ҚББП

Демалыс лагерін ұйымдастыру

«Жас турист» қысқы демалыс лагері	ЖТС	қаңтар	ЖТС әдіскерлері
«Жас турист» жазғы демалыс лагері	ЖТС	маусым-шілде	Әкімшілік
«Қарашығанак» шатырлы лагері	Бөрлі ауданы аумағында	Маусым	Әкімшілік ҚББП
Облыстық «Еуразия», «Самал», «Бивуак» сауықтыру лагерлеріне оқушылардың демалысын ұйымдастыру	Орал қ. Туристік кешендері	Жыл бойы каникул мезгілінде	ЖТС әкімшілігі Мектеп директорлары ҚББП

V-тарау
Жас мамандармен атқарылатын жұмыс

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	Әдістемелік көмек көрсету: 1.«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және үйірмеге қабылдау» мемлекеттік қызмет регламентімен таныстыру	Қыркүйек	Имангазиева А.Т.
2	1.Түрлі үлгідегі мектептен тыс ұйымдарға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын ұсыну 2.Тақырыптық, күнтізбелік жоспар құруда бағыт-бағдар беру, құру жолын түсіндіру 3.Үйірме құжаттарды рәсімдеуде әдістемелік көмек көрсету	Қыркүйек	Имангазиева А.Т. Бөлім меңгерушілері
3	Мектептен тыс ұйымдар қызметі туралы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру	Қыркүйек	Имангазиева А.Т.
4	Мұражай құжаттарын дайындауда көмек беру	Жыл бойы	Бөлім меңгерушілері
5	Экскурсиялар мен экспедициялардың бағдарламасын құруда, оларды ұйымдастыруда әдістемелік көмек беру	Жыл бойы	Бөлім меңгерушілері
6	Жас мамандарға тәжірибелі педагогтардың сабақтарына қатысуға, олардан әдістемелік көмек алуға бағыт-бағдар беру	Жыл бойы	Имангазиева А.Т. Бөлім меңгерушілері
7	Жас мамандарға маршруттық біліктілік комиссияның жұмысын таныстыру	Қыркүйек	Бөлім меңгерушілері
8	Категориялық және дәрежелі жорықтардың мөлшерін, «Жас турист», «Қазақстан саяхатшысы» төсбелгілерінің ережелерін түсіндіру	Қыркүйек	Бөлім меңгерушілері
9	Оқу жылы соңында жас мамандардың қорытынды есеп беру жұмыстарын талдау.	Мамыр	Имангазиева А.Т. Бөлім меңгерушілері

VI-тарау
Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	«Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналар жиналысы	наурыз	Мекеме әкімшілігі Үйірме жетекшілері
2	Ата-аналарға үйірме тәрбиеленушілерімен бірге жорықтар ұйымдастыру	Мамыр-тамыз	Әдіскерлер Үйірме жетекшілері

3	Ата-аналарды жазғы демалысты (экскурсия, экспедиция, жорықтар) ұйымдастыру қызметіне қатыстыру.	Мамыр	Мекеме әкімшілігі Үйірме жетекшілері
4	Ашық есік күндері. Ата-аналармен кездесу өткізу, үйірме жұмыстарымен таныстыру	Қыркүйек	Мекеме әкімшілігі Үйірме жетекшілері
5	Іс шараларға ата-аналарды қатыстыру	Жыл бойы	Мекеме әкімшілігі Үйірме жетекшілері
6	«Ата-анамен жұмыс, тренинг жаттығулар» ата-аналар жиналысы	Қараша	Мекеме әкімшілігі Үйірме жетекшілері

VII-тарау

Туристік-өлкетану қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
1	Облыстық сайтқа ақпараттарды уақтылы беру.	жыл бойы	Бөлім меңгерушілері
2	Қосымша білім берудің дамуы туралы материалдарды жинау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	жыл бойы	Бөлім меңгерушілері
3	Қосымша білімді ұйымдастыру туралы бұқаралық ақпарат құралдарына материалдарды орналастыру.	жыл бойы	Бөлім меңгерушілері
4	Қосымша білім беру педагогтарының республикалық ғылыми-әдістемелік «Сокпақ-Тропинка» журналына жазылуын қадағалау.	I, II жарты жылдық	А.Имангазиева
5	ҚББП озық педагогикалық іс-тәжірибелерін тарату	жыл бойы	ҚББП, Бөлім меңгерушілері, А.Имангазиева
6	ҚББП әдістемелік жинақтарын шығаруға көмек беру	жыл бойы	Бөлім меңгерушілері А.Имангазиева
7	Іс-тәжірибелерді басылым беттерінде жариялау, мақала беру	жыл бойы	ҚББП, Бөлім меңгерушілері
8	Әлеуметтік желіні ақпараттандыру	Жыл бойы	Педагог-ұйымдастырушы

VIII-тарау
Мекеменің жалпы материалдық-техникалық базасын дамыту.
Санитарлық-шаруашылық жұмыс.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтетін орны	Уақыты	Жауапты
1	Мекеменің техникалық құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	ЖТС	Қыркүйек	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары
2	Орталықта техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, электр жүйелеріндегі жылу қазандарындағы өрт қауіпсіздігі шараларын жасау, қажеттігі құрал-жабдықтармен толықтыру, тиісті адамдармен семинар-кеңес өткізу, жауапты адамдарды бұйрықпен бекіту.	ЖТС	Қыркүйек Қаңтар	Мекеме директоры, Директордың орынбасары, шаруашылық бөлімінің орынбасары
3	ЖТС ғимарат, аймағын абаттандыру (көгалдандыру, гүл, талдар отырғызу)	ЖТС	Сәуір-мамыр	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары Аула тазалаушы
4	-жылу беру - су жүргізу -жарық беру жүйесімен шарт жасау	ЖТС	Қаңтар Ақпан	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары
5	Дезинфекция және дератизациялау жұмыстарын жүргізу	ЖТС	Қаңтар-желтоқсан	Әкімшілік
6	Көліктерді техникалық тексерістен өткізу	ЖТС	Қаңтар-сәуір	Әкімшілік
7	Қалдықтарды өртеу және шығару	ЖТС	Жыл бойы	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары
8	Мекемеге қажетті құрал-жабдықтарды алу	ЖТС	Жыл бойы	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары
9	Электр және жылу жүйелерін жөндеуден өткізу	ЖТС	Шілде-тамыз	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары, электрик
10	Ғимаратты қысқы мезгілге дайындау:	ЖТС	Қыркүйек, Қазан,	Әкімшілік шаруашылық

	-есік, терезелерді қымтау -ғимаратты жылытуға сұраныс беру -Аймақты жапырақтардан тазарту		Қараша	бөлімінің орынбасары
11	Ғимараттың санитарлық жағдайын қадағалау Жуғыш заттармен қамту	ЖТС	Ай сайын	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары
12	ЖТС территориясына сенбілік жұмыстарын жүргізу	ЖТС	Уақытылы	Әкімшілік шаруашылық бөлімінің орынбасары

IX - тарау
Аттестация бойынша жұмыстар

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	Біліктілік санатын көтеруге ұсыныс білдірген қосымша білім беру педагогтарының өтініштерін қабылдау	мамыр	Директордың әдіс.жұмыс.жөніндегі орынбасары,
2	ЖТС қызметкерлерін аттестаттау бойынша аттестаттау және эксперттік комиссиясын құру туралы бұйрығын шығару	Қыркүйек	Директордың әдіс.жұмыс.жөніндегі орынбасары,
3	Қосымша білім беру педагогтарын аттестациядан өткізу ережесімен таныстыру	Кестеге сәйкес	Комиссия мүшелері, эксперттік топ
4	Біліктілік санатын көтеретін педагогтардың ашық сабақтармен мектептен тыс тәрбиелік шараларының ұйымдастырылуын, бұқаралық ақпарат құралдарына мақалаларының шығуын қадағалау, сабақтарына қатысу арқылы педагогикалық тәжірибесін зерделеу.	Кестеге сәйкес	Комиссия мүшелері, Аттестациядан өтетін педагогтар
5	Аттестациядан өту сұрағы бойынша материалдарды дайындау	Наурыз	Директордың әдіс.жұмыс.жөніндегі орынбасары, аттестациядан өтетін педагогтар
6	I-ші санатқа өтетін педагогтардың шығармашылық есебі туралы АББ есеп беру, тапсыру. II санатқа өтетін педагогтардың шығармашылық есебін аттестациялау комиссия отырысында тыңдау, талдау.	Наурыз	Директордың әдіс.жұмыс.жөніндегі орынбасары, аттестациядан өтетін педагогтар
7	Аттестациядан өткендігі туралы құжатты рәсімдеу	Сәуір	Директордың әдіс.жұмыс.жөніндегі орынбасары,

Х - тарау
Педагогикалық кеңестің жұмысы

№	Мазмұны	Мерзімі	Түрі мен әдісі	Жауапты
1	<p>I. Баяндама: «Педагогикалық әдеп, мұғалімнің этикасы және мәдениеті»</p> <p>II. Туризм, өлкетану, спорттық бағдарлау, мұражайтану бөлімдеріндегі оқу сағаттарының орындалуы, үйірмелердің қызметі туралы</p> <p>III. Тіл туралы Заңның орындалуы (іс құжаттардың жүргізілуі)</p> <p>IV. Озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтау және зерделеу жұмыстары туралы</p>	Наурыз	Педагогикалық кеңес	А.Имангазиева. Бөлім меңгерушілері. М.Хасанов
2	<p>I. Оқу-әдістемелік жұмысының жылдық анализі. Марапаттауға педагогтарды ұсыну.</p> <p>II. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі демалыс лагерлерінің қызметі туралы, жазғы демалыс лагерінің жоспарын бекіту.</p> <p>III. Жазғы демалыста экскурсия, экспедиция, жорықтарды ұйымдастыру жұмыстары, жұмыс жоспарын бекіту.</p>	Мамыр	Педагогикалық кеңес	Мекеме әкімшілігі
3	<p>I. Жазғы демалыста атқарылған шараларды қорытындылау.</p> <p>II. Мекеме әкімшілігінің лауазымдық міндеттерін бөлу, жаңа оқу жылындағы жұмыс режимін және мекеменің ішкі тәртіп ережелерін бекіту.</p> <p>III. 2020-2021 оқу жылына педагогтардың тарификациялық жүктемелерін бекіту.</p> <p>IV. Педагогтарды марапаттауға ұсыну туралы.</p>	Қыркүйек	Педагогикалық кеңес	Мекеме әкімшілігі
4	<p>I. 2020 жылға талдау және 2021 жылға арналған оқу-тәрбие жоспарын бекіту.</p> <p>II. Қосымша білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартының орындалуы туралы.</p> <p>III. Мектептердегі үйірме жұмысының сапалы өту барысын талдау.</p> <p>-Туризм бөлімі -Өлкетану бөлімі -Спорттық бағдарлау бөлімі -Мұражайтану бөлімі</p>	желтоқсан	Педагогикалық кеңес	Мекеме әкімшілігі

XI - тарау

Директор жанындағы кеңестің жұмысы

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	1.Ғимараттың санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы. 2021 жылға жоспарды бекіту. 3.10 қаңтарда өтетін сайлауға әр сайлаушының білуі тиіс құқықтары мен мүмкіндіктері туралы 4. «Европа-Азия 2021», «Ақшақар-2021» аудандық жарыстарды ұйымдастыру мәселелері туралы және облыстық жарыстарға дайындалу жұмыстары туралы	қаңтар	Директордың м.а М.Хасанов Шаруашылық менгерушісі Б.Карабалиева Директордың орынбасары А.Имангазиева Туризм бөлімінің менгерушісі А.Сабитов
2	1.Санатын көтеретін педагогтарға әдістемелік көмек көрсету барысында атқарылып жатырған жұмыстар туралы. 2.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-бүгінгі күн талабы» тақырыпты талқылау. 3. Аудандық «Жайық толқыны» фестивалі және «Шаңғы бағдары-2021» спорттық бағдарлау жарысының ұйымдастыру мәселелері	ақпан	Директордың м.а М.Хасанов Директордың орынбасары А.Имангазиева Бөлім менгерушілері А.Изимгалий
3	1.Қосымша білім беру педагогтарының біліктілігін арттыру жөнінде атқарылып жатырған жұмыстар туралы. Аттестациялау комиссиясының отырысын ұйымдастыру. 2.Балалардың көктемгі демалысы уақытында өткізетін шараларды жоспарлау 3.Аудандық шаралардың өту деңгейін талдау	наурыз	Директордың м.а М.Хасанов Директордың орынбасары А.Имангазиева Бөлім менгерушілері А.Сабитов А.Изимгалий Әдіскер Е.Сарсенгалиев
4	1.Біліктілік санатын көтеру бойынша жұмыстарды қорытындылау 2.«Көктемгі бағдар 2021» спорттық бағдарлау жарысы және М.Жумаев жүлдесі үшін шыңға өрмелеу және тау туризмі техникасы жарысының аудандық кезеңін ұйымдастыру мәселелері 3.Сенбілік жұмыстары мен абаттандыру жұмыстарын жүргізу туралы	Сәуір	Директордың м.а М.Хасанов Директордың орынбасары А.Имангазиева Бөлім менгерушілері А.Изимгалий А.Сабитов Шаруашылық менгерушісі Б.Карабалиева

5	<p>1. Ғимараттың санитарлық-гигиеналық жағдайы, материалдық-техникалық базасы туралы.</p> <p>2. Жазғы демалыс лагеріне дайындық жұмыстары, ұйымдастыру жөніндегі мәселелер (лагерь құжаттарын реттеу, лагерь кестесін құру, лагерьде қызмет жасайтын кадрлармен жұмыс)</p> <p>3. Техника қауіпсіздігінің сақталуы туралы. Эвакуациялау кезіндегі іс-қимылдарды таныстыру</p>	мамыр	<p>Директордың м.а М.Хасанов</p> <p>Директордың орынбасары А.Имангазиева</p> <p>Бөлім меңгерушілері А.Сабитов</p> <p>Шаруашылық меңгерушісі Б.Карабалиева</p>
6	<p>1. Лагерьдің қызметі туралы жұмыстар. «Қарашығанақ» шатырлы лагерін ұйымдастыру мәселелері</p> <p>2. Мекеме медбикесінің жұмысы</p> <p>3. Оқушылар арасында І-ші қиындық дәрежелі жаяу, вело жорықтарын өткізу мәселелерін қарау</p>	маусым	<p>Директордың м.а М.Хасанов</p> <p>Директордың орынбасары А.Имангазиева</p> <p>Медбике Ж.Урманова</p> <p>Бөлім меңгерушілері А.Сабитов</p> <p>А.Изимгалий</p> <p>Шаруашылық меңгерушісі Б.Карабалиева</p>
7	<p>1. Лагерьдегі оқушылардың демалысы, лагерьдің санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы</p> <p>2. Шатырлы лагерьдің қызметі. Экскурсияларды ұйымдастыру</p> <p>3. «Жайық-Урал 2020» туристік-экологиялық экспедициясының ұйымдастыру жұмыстары</p>	шілде	<p>Директордың м.а М.Хасанов</p> <p>Директордың орынбасары А.Имангазиева</p> <p>Бөлім меңгерушілері. Шаруашылық меңгерушісі Б.Карабалиева</p>
8	<p>1. Жазғы демалыс лагерінің жұмысын қорытындылау</p> <p>2. Ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселелері</p> <p>3. Эвакуациялау кезіндегі іс-қимылдар жөніндегі ақпараттармен мекеме қызметкерлерін таныстыру</p>	тамыз	<p>Директордың м.а М.Хасанов</p> <p>Директордың орынбасары А.Имангазиева</p> <p>Бөлім меңгерушілері Шаруашылық меңгерушісі Б.Карабалиева.</p>

9	1. Мекеменің материалдық техникалық базасының жаңа оқу жылына дайындығы туралы. мекемедегі санитарлық-гигиеналық режим және қауіпсіздік техникасы, оқу кабинетінің, дайындығы. 2. Ағымдағы жылдың кадрлық өзгерілімі: функционалдық міндеттері, 3. «Ашық есік» күнін өткізу. Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.	қыркүйек	Директордың м.а М.Хасанов Шаруашылық менгерушісі Б.Карабалиева Директордың орынбасары А.Имангазиева Бөлім менгерушілері.
10	1. Мектептердегі үйірме сабақтарының жүргізілуіне бақылауды ұйымдастыру. 2. От жағу мерзімінің дайындығы туралы мәселелер. 3. Мекемедегі өрт қауіпсіздігінің алдын-алу шаралары туралы.	қазан	Директордың м.а М.Хасанов Директордың орынбасары А.Имангазиева Шаруашылық менгерушісі Б.Карабалиева
11	1. Террористік актілерді болдырмау бағытындағы жаднамалармен мекеме қызметкерлерін таныстыру 2. Педагогтарды аттестацияға дайындау жұмыстарын жүргізу 3. Мекеме құжаттарының және іс-қағаздарының жүргізілуін бақылау. 4. Газет-журнал басылымдарына жазылуды жүргізу жұмыстары	қараша	Директордың м.а М.Хасанов Бөлім менгерушілері Директордың орынбасары А.Имангазиева
12	1. Әкімшілік бақылау жұмыстарын қорытындылау 2. Облыстық шараларға қатысу көрсеткішін талқылау 3. 2022 жылға жоспарланған жұмыстарды талдау.	желтоқсан	Директордың м.а М.Хасанов Директордың орынбасары А.Имангазиева Бөлім менгерушілері А.Сабитов А.Изимгалий Әдіскер Е.Сарсенғалиев

ХІІ- тарау

ЖТС қызметін қаржылық қамтамасыз ету

№	Іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Өткізу орны	Жауапты
1	Бухгалтерлік есепті және есептілікті жүргізуді ұйымдастыру: - «Қаржылық жоспарды орындау туралы» жиынтық бухгалтерлік есепті құру; - бухгалтерлік есепті және есептілікті жүргізу;	Үнемі	ЖТС	Г.Каймулдинова

	- ақша және материалдық ресурстарды түгендеуді жүргізу			
2	Шаруашылық операцияларды, активдердің қозғалыстарын бухгалтерлік есептің есеп-қисаптарында өз уақытында және нақты көрсету, кірістер мен шығыстарды қалыптастыру, міндеттерді орындау	Жыл бойы	ЖТС	Г.Каймулдинова
3	Штаттық кестені құру және бекіту	Қыркүйек	ЖТС	Г.Каймулдинова
4	Іс-шаралар жоспары бойынша шығындар сметасын құру, мемлекеттік сатып алулар жоспарының тәртібін бекіту және өткізу	Қажеттілік бойынша жыл бойына	ЖТС	Г.Каймулдинова
5	Бухгалтерлік есептің тиісті аумағы бойынша бастапқы құжаттарды ресімдеу, қабылдау және бақылау және оларды есептік өңдеуге әзірлеу	Күнделікті	ЖТС	Г.Каймулдинова
6	ЖТС кірістері мен шығыстары туралы қаржылық есепті әзірлеу	Ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын	ЖТС	Г.Каймулдинова
7	Мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алулар байқауларына қатысу	Жыл бойына	ЖТС	Г.Каймулдинова
8	Наразылық талаптар бойынша жұмыс	Қажеттілік бойынша	ЖТС	Г.Каймулдинова
9	ЖТС ұстап тұруға арналған қаржыны дұрыс және оңтайлы жұмсауға бақылау жүргізу	Үнемі	ЖТС	Г.Каймулдинова

